



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



TDKO KZ
TALDYKORGAN-ONLINE

www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№40 (1882)

Жұма, 10-қазан 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

САЯСАТ

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ XII САММИТИ

Әзербайжан, Габала қаласы

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, ерекше қонақжайлық көрсеткені үшін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке ризашылығын білдіріп, бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша, күн тәртібі өзекті екенін айтты.

– Түбі бір түркі жұртының тарихы – тамырлас, халықтарымызға ортақ сан ғасырлық шежіреміз бар деп үнемі айтып жатырмыз. Мұның бәрі – берекелі бірлігіміз бен мәңгілік ынтымағымыздың алтын арқауы. Жақында елдеріміз «Түркі халықтарының ынтымақтастық күнін» атап өтті. Бұл – бірлігімізді бекемдей түсетін маңызды мереке. Бүгінде Түркі мемлекеттері ұйымы достас халықтардың басын қосқан мәртебелі әрі беделді құрылымға айналды. Былтырдан бері Ұйымға құрметті Президент Садыр Жапаров бастаған қырғыз елі тиімді төрағалық етті. Қырғыз тарапына ризашылығымызды білдіреміз. Енді төрағалық құрметті Ильхам Гейдар оғлудың басшылығымен Әзербайжан тарапына беріледі. Алдағы уақытта да Ұйымымыздың абырой-беделі арта түседі деп сенеміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жаһандық қауіпсіздік жүйесі күрделі кезеңді бастан өткізіп жатқанын атап өтіп, қақтығыстар мен шиеленістер, геосаяси текетірістер әлемнің кез келген мемлекетіне әсер ететін қауіпті үрдіске айналғанына тоқталды.

– Осындай алмағайып заманда 30 жылдан астам уақыт шешімін таппаған шиеленіске қатысты Әзербайжан мен Арменияның Бейбітшілік декларациясына қол қойғанын ерекше атап өткім келеді. Бұл тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жол ашатын тарихи мәміле болды. Қазір әлемдегі геосаяси ахуал аса күрделі, сондықтан түркі елдері ортақ мүдде жолында күш жұмылдыруға тиіс. Бүгінде жаһан жұрты бізді зор сын-қатерлерге төтеп бере алатын, беделі мықты, ынтымағы жарасқан мемлекеттер ретінде таниды. Бірқатар ел біздің Ұйымға ерекше қызығушылық танытуда. Бұл ретте Қазақстан ынтымақтастық аясын кеңейтуге бағытталған «Түркі мемлекеттері ұйымы+» форматын құру идеясын қолдайды. Осы бастама біздің

Ұйымның халықаралық беделін арттыруға жол ашатыны сөзсіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Түркі мемлекеттері аумағында тұрақтылықты, қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайту ісінде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің рөлі мен әлеуеті ерекше.

– Кеңесті толыққанды халықаралық ұйымға айналдыру үдерісіне қолдау көрсеткен Әзербайжан тарапына, сондай-ақ барша түркі мемлекеттеріне шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Түркі елдерінің қауіпсіздікті нығайту және сын-қатерлерге, соның ішінде терроризмге қарсы тұру жолындағы мақсат-мүддесі – ортақ, сондықтан осы бағыттағы ықпалдастығымыз табысты жүзеге асуда. Бәріміз жаһандық қауіпсіздікті сақтау жолындағы бастамаларды қолдап келеміз. Бірақ біз мұнымен шектеліп қалмауымыз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген елдердің шекараға бағынбайтын жаңа қатермен бетпе-бет келіп отырғанын алға тартып, Ұйым аясында Киберқауіпсіздік кеңесін құруды ұсынды.

– Бұл Кеңес мемлекеттеріміздің іс-қимылын үйлестіріп, күш жұмылдыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар цифрлық қауіпсіздік пен технологиялық байланысты бекемдей түседі. Биыл қыркүйекте осы тақырып бойынша Алматыда өткен конференция нәтижелері киберқауіпсіздік саласындағы ықпалдастықты күшейту аса маңызды екенін тағы да растады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы экономикалық ынтымақтастықты тұрақтылық пен өсіп-өркендеудің түп негізі ретінде атады.

– Біз 2040 жылға дейінгі Түркі әлемінің даму бағдарын толық іске асыруға баса мән беруіміз қажет. Бүгінгі саммит осы жоспарды нақты шаралармен толықтыруға тиіс. Ұйымға қатысушы әр мемлекеттің өзіне тән



артықшылығы және жетістігі бар. Соған қарамастан Ұйым аясында сауда-экономика саласындағы ірі жобаларды жүзеге асыру үшін нақты тетіктер ұсынылған. Соның бірі – Түркі инвестициялық қоры. Осы қаржы ұйымының мүмкіндіктерін барынша пайдалануымыз керек. Биыл Түркістанда елдеріміздің экономика және сауда министрлері бас қосады. Сол кезде Қор қаржыландыратын жобалар тізімін жасаған жөн болар еді. Өнеркәсіп саласындағы ықпалдастық елдеріміздің экономикасын әртараптандыру ісінде маңызды рөл атқарады. Осы орайда, Түркі сауда-өнеркәсіп палатасының әлеуеті зор деп есептейміз. Келесі жылы осы палатаға Қазақстан төраға болады. Бұл бағытта біз нақты жобаларға басымдық беретін Өнеркәсіптік кооперация бағдарламасын қабылдауды ұсынатын боламыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент көлік-логистика саласындағы өріптестікті жаңа деңгейге көтеруді басты міндеттің бірі санайды.

– Елдеріміз Шығыс пен Батысты, Оңтүстік пен Солтүстікті жалғайтын тоғыз жолдың торабы – Еуразия төрінде орналасқан. Қазір Қазақстан аумағы арқылы 5 халықаралық теміржол дәлізі өтеді. Азия мен Еуропа арасында тасымалданатын жүктің 85 пайызға жуығы Қазақстан арқылы жөнелтіледі. Жақында біз «Достық – Мойынты» теміржолының екінші

желісін іске қостық. Бұл қадам ТрансҚазақстан теміржол дәлізін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Жаңа жол жүк тасымалының көлемін 5 есе арттыруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа тағы да екі маңызды теміржол салынып жатыр. Осы жобалар аймақтық логистиканы әртараптандыру ісіне тың серпін беретіні анық. Транс-каспий халықаралық көлік бағдары Еуразиядағы жол торабының стратегиялық бөлігіне айналды. Соңғы 5 жылда Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі 6 есе өсті. Жақында Ұйымға мүше мемлекеттердің көлік министрлері Алматыда бас қосты. Тараптар кездесуде осы жол бағдарына қатысты бірқатар келісімге қол жеткізді. Бұл ретте біз түркі мемлекеттерін Орта дәліз бойындағы әуе хабтары, теміржол бекеттері және теңіз порттары инфрақұрылымын жаңғыртуға белсене атсалысуға шақырамыз. Қазір көлік-транзит саласын цифрландыруға қатысты жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Осы орайда Жасанды интеллект технологиясын пайдалану тиімді болатыны сөзсіз. Сондықтан беделді сарапшыларды тарта отырып, Ұйым аясында арнайы Цифрлық мониторинг орталығын құру мәселесін талқылауды ұсынамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Жалғасы 2-бетте. ►

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық даму сапасын арттыру және баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Жиынға Премьер-министр, Президент Әкімшілігінің басшылығы, Ұлттық банктің төрағасы, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің жетекшілері мен Үкімет мүшелері қатысты.

Кеңес барысында макроэкономикалық орнықтылықты нығайту, азаматтардың әл-ауқатын көтеру және ин-

фляция деңгейін төмендету шаралары қаралды.

Президент халықтың табысын жақсартуда саннан сапаға көшудің маңызды екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы орнықты дамыту үшін барлық жауапты мемлекеттік органдардың жүйелі жұмыс істеуі керек екенін айтты.

www.akorda.kz



САЯСАТ

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ
ҰЙЫМЫНЫҢ XII САММИТІ

Басы 1-бетте.

Президент Қазақстан цифрландыру ісіне, соның ішінде жасанды интеллект саласын дамытуға ерекше мән беретінін мәлімдеп, толық цифрлық ел болуды стратегиялық мақсат ретінде айқындағанын жеткізді.

— Жасанды интеллектіні жаппай дамыту үшін білікті мамандар даярлауды қолға алдық. Бағдарлама аясында жыл басынан бері 400 мыңнан астам студент арнайы білім алды. Сондай-ақ жасанды интеллект мамандарын оқытатын тұңғыш зерттеу университетін ашуды жоспарлап отырмыз. Қазақстан осы оқу ордасында білім алуға ниет білдірген түркі елдерінің жастарына арнайы гранттар бөлуге дайын, — деді Мемлекет басшысы. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев аталған салалар бойынша Ұйым аясында жүзеге асыруға болатын бірқатар бастамаға тоқталып өтті.

— Жуырда Астанада Алем.АІ жасанды интеллект орталығы ашылды. Соның негізінде Түркі мемлекеттері ұйымының Цифрлық инновациялар орталығын құруды ұсынамыз. Бұл Орталық стартаптарды қолдап, бірлескен жобаларды дамытуға жол ашады. Жасанды интеллект саласында тәжірибе алмасуға және венчурлік капитал тартуға мүмкіндік береді. Біз цифрландыру және жасанды интеллекттің әлеуетін халықтарымыздың игілігі үшін ұтымды пайдалануымыз қажет. Сонымен қатар жаңа технологиялардан туындайтын тәуекелдер мен сын-қатерлердің алдын алуымыз керек. Сондықтан келесі жылы Қазақстанда өтетін Ұйымның бейресми саммитін «Жасанды интеллект және цифрлық даму» тақырыбына арнауы ұсынамын. Осы жиынның қарсаңында білікті сарапшылардың басын қосып, халықаралық конференция ұйымдастыруға дайынбыз, — деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі жағдайда энергетика мәселесіне де баса мән беру керек екенін айтты.

— Бұл — экономикамыздың тірегі, стратегиялық әріптестігіміздің негізі. Бүгінде біз ортақ инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырудамыз. Энергия тасымалдаудың қауіпсіз әрі ыңғайлы жолдарын қарастырып жатырмыз. Қазақстан, Әзербайжан және Өзбекстан арасындағы жасыл энергия дәлізі — осы саладағы жемісті ынтымақтастық үлгісі. Сонымен бірге жаңартылатын энергия көздеріне, ең алдымен, күн энергиясына айрықша назар аудару қажет деген ойдамыз. Осыған орай, Түркі мемлекеттері ұйымы аясында Энергия тиімділігі жөніндегі озық тәжірибе кеңесін құруды ұсынамыз. Дегенмен мұнай мен газды, уранды, көмірді, сирек кездесетін минералдарды игеру және оларды тиімді пайдалану Қазақстанның энергетикалық стратегиясының негізі болып қала береді, — деді Президент. Мемлекет басшысының пікірінше, қазір әлемде аса күрделі мәселеге айналған су тапшылығы таяу арада Орта Азиядағы ең өзекті сын-қатер болуы мүмкін.

— Өзен-сулардың ортақ игілік екенін ескере отырып, оны тиімді пайдалану үшін жаңа тәсілдер керек деп санаймыз. Суару жүйесіне цифрлық бақылау орнату, тамшылатып суару әдістерін кеңінен қолдану, су қоймаларының тиімділігін арттыру жөнінде бірлескен бағдарлама қабылдауға болады. Қазір Каспий теңізі тартылып бара жатқанын білесіздер. Бұған бәріміз алаңдап отырмыз. Қарт Каспийдің түркі жұрты үшін орны қашанда бөлек. Оны халықтарымыздың арасындағы дәнекер деуге болады. Соңғы жылдары теңіз деңгейінің төмендеуі аймақтың экологиясы мен экономикасына кері әсерін тигізіп отыр. Бұл — жаһандық ауқымдағы мәселе. Мен мұны Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитінде және Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мерекелік сессиясында айттым. Біз тамырлас және шекаралас елдер ретінде Каспий теңізінің ахуалын жақсартуға баса мән беруіміз керек. Мен түркі мемлекеттерін осы бағытта күш біріктіріп, бірлескен жобалар әзірлеуге, халықаралық бастамаларды қолдауға шақырамын. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен келесі жылы сәуірде Өңірлік саммит өткізуді жоспарлап отыр. Тақырып: «Тұрақты болашақ жолындағы ортақ көзқарас». Біз түркі елдері осы саммиттің жұмысына жоғары деңгейде белсене қатысады деп үміттенеміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Ұйымға мүше елдер арасында сауда-экономикалық және саяси ықпалдастықпен қатар, мәдени-гуманитарлық байланыс та нығайтып келе жатқанын тілге тиек етті.

— Биыл Ақтау қаласы Түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды. Соның аясында бірқатар Іс-шара ұйымдастырылды. Каспий жағалауында түркі мәдениетінің фестивалі өтті. Осы маңызды іс-шараға 100 мыңнан астам көрермен қатысты. Бұған қоса, биыл Алматы қаласы Түркі әлемі жастарының астанасы атанды. Біз өскелең ұрпақты бауырластық рухында тәрбиелеп, жастарымыздың мәдени ықпалдастығын нығайтуды қолға алуымыз қажет. Осыған орай, келесі жылы Алматыда Креативті экономика форумын өткізуді ұсынамыз. Мұндай қадам жастарымызды жақындастыруға, олардың білімін және білігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазақта «Өнерлі өрге жүзеді» деген сөз бар. Шын мәнінде, өнер, білім, ғылым құндылықтары өркениетіміздің өрісін кеңейтуге ықпал етеді. Қазақстанда елдеріміздің зиялы қауым өкілдерінің басын қосып, арнайы іс-шара өткізген орынды болар еді. Бұл іс-шараны Ұйымымыздың Ақсақалдар кеңесінің аясында өткізуге болады. Оның үстіне, Түркі әлемін зерттеушілер клубын құруды ұсынамыз. Оны Түркі Академиясының негізінде қалыптастыруға болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөз соңында түркі халықтарының тұтастығы мен ынтымағын нығайта түсуге шақырды.

— Әзербайжанның әйгілі ақыны әрі осы тарихи жердің тумасы Бахтияр Вахабзаденің «Түріктің түрікке дұшпандық жасауға хақысы жоқ!» деген өсиеті бар. Біз аға буынның ұлағатты сөздерін жадымызда сақтап, түркілердің түбі бір туыс, бірлігі бекем бауыр екенін бүкіл әлемге паш етіп келеміз, — деді ол.

Мемлекет басшысы Ұйымға төрағалық ететін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке мол табыс және сәттілік тіледі.

Саммитте Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан, Түрікменстан Халк Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев және байқаушы тараптардың басшылары сөз сөйледі.

www.akorda.kz

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ БИЛІК

ТАЛДЫҚОРҒАННЫҢ ДАМУЫ
ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНДА

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев жұмыс сапары барысында Талдықорған қаласындағы бірнеше құрылыс нысанын аралады. Өңір басшысы құрылыс жұмыстарының сапасын тексеріп, қала әкімі мен мердігер ұйымдарға бірқатар тапсырмалар берді.

Ең алдымен облыс әкімі 2006 жылы орнатылған қазақтың үш тұлғасы — Ескелді би, Балпық би және Қаблिसа жырауға арналған «Үш ата» монументін және оның айналасын абаттандыру жұмысын тексерді. Жөндеу жұмыстарының сапасына көңілі толмаған облыс басшысы мердігер ұйым «Qyran qurylysshy» ЖШС жұмысына сын жасады. Атап айтқанда, плитка төсеу, тротуар мен баспалдақ салу кезінде кемшіліктер анықталды. Мердігер компания директорының орынбасары Аслан Бекенов барлық ескертулер уақытында түзетіліп, нысан белгіленген мерзімде тапсырылатынын айтты.

Келесі нысан — «Жетісу» шағын ауданы. Мұнда көпқабатты үйлердің аулаларын жөндеу жұмыстары жалғасуда. Балалар алаңдарының құрылғылары орнатылып, асфальт төселіп жатыр. Жалпы биыл Талдықорғанда 59 аула абаттандырылады, оның ішінде 11 — «Жетісу» шағын ауданында, 18 — «Жұлдыз» шағын ауданында. Сонымен қатар, 39 үйдің шатыры жөнделіп, 20 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері жаңартылады, ал болашақта «Ғарышкер» мен «Мүшелтой» шағын аудандарында да осындай жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Еске салсақ, облыс әкімінің тапсырмасымен өткен жылдан бері ескі көпқабатты үйлердің аулаларын абаттандыру жұмыстары қолға алынған болатын. Алғашқы болып «Ұлан» шағын ауданындағы үйлердің ауласында жөндеу жұмыстары жүргізіліп, тұрғындар тарапынан оң бағасын алды. Қазіргі кезде бұл шағын аудандағы үйлердің қасбеттерін, шатырлары мен витраждарын жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Мұнан соң облыс әкімі «Құлагер» шағын ауданындағы жаңа саябаққа барды. Қала күніне орай пайдалануға берілген саябақ қазірдің өзінде тұрғындардың сүйікті орнына айналған. Облыс әкімі бұл нысандағы құрылыс пен абаттандыру жұмыстарын жоғары бағалады. Алдағы



уақытта кезең-кезеңімен көгалдандыру жоспарлануда. Қала әкімі Ернат Бәзілдің айтуынша, «Құлагер» шағын ауданында құрылыс жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп жатыр. Қазіргі уақытта 500 пәтерге арналған үйлер салынып, сондай-ақ инвестор есебінен мектеп пен балабақша салу жоспарлануда.

Өңір басшысы тұрғын үй құрылысына да назар аударды. Жаңа салынған үйлерді қарап шыққан соң, Бейбіт Исабаев мердігер ұйым өкілдеріне сапаға ерекше көңіл бөлуді тапсырды.

«Жастар-3» шағын ауданында бір мезгілде ондаған коттедж салынып жатыр. Бұл үйлер бірнеше ұйымдармен салынып, кейін мемлекет тарапынан тұрғын үй кезегінде тұрғандарға сатып алынады. Егер былтыр 56 үй сатып алынған болса, биыл тағы 220 үй алу жоспарлануда, ал жалпы бұл ауданда 780-нен астам коттедж бой көтермек. Сонымен қатар бұл шағын аудан да кезең-кезеңімен абаттандырылып, әлеуметтік нысандар салынбақ, қазіргі уақытта жол төсеу жұмыстары жүргізілуде.

Жақында салынған коттедждердің бірін аралап шыққан Бейбіт Исабаев жоспарлау мен құрылыс сапасының жоғары деңгейде екеніне көз жеткізді.

Сонымен қатар, облыс әкімі ұзындығы 2,3 км болатын Қабанбай батыр көшесіндегі жол жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Қазіргі уақытта жұмыс Рүстембеков көшесінің қиылысында жүргізілуде. Оған 30-ға жуық жұмысшы мен 13 техника тартылған, нысан қазан айының соңына дейін аяқталмақ.

Фото: Александр СКЛАБОВСКИЙ

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ НЕГІЗДЕРІ



Жетісу облысында жаңа экономикалық бағыт пен Салық кодексінің негізгі ережелерін түсіндіру мақсатында бизнес-қоғамдастық өкілдерінің, өңірлік «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік кірістер аумақтық бөлімшелерінің қатысуымен кездесу өтті.

Кездесуге Ұлттық экономика вице-министрі Асан Дарбаев, Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аудит департаментінің директоры Қадыр Исмағұлов, Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроазық-түлік нарықтары және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу департаментінің ішкі сауда басқармасының басшысы Темірлан Маратов қатысты. Іс-шараның модераторы Жетісу облысы әкімінің

орынбасары Асет Қанағатов болды. Өз сөзінде Асан Дарбаев экономикалық саясаттың негізгі бағыттарына және алдағы үш жылға арналған республикалық бюджеттің жобасына тоқталды.

2026 жылдан бастап күшіне енетін жаңа Салық кодексінің өзгерістері туралы Қадыр Исмағұлов баяндады. Ол жаңа енгізілімдердің мәні мен мақсатын түсіндіріп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Кездесу барысында қатысушыларға мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жалғастыру бойынша түсініктемелер мен ұсыныстар берілді. Кәсіпкерлер өздерін толғандырған сұрақтарға толық жауап алды.

Іс-шара қорытындысында қатысушылар бизнес пен мемлекет арасындағы ашық диалогтың маңыздылығын атап өтіп, салық заңнамасындағы өзгерістермен алын ала танысу кәсіпкерлердің жаңа жағдайларға бейімделуіне мүмкіндік беретінін атап өтті.

ҚЫС МЕЗГІЛІНЕ ДАЙЫНДЫҚ

Жетісу облысында қысқы маусымда жол желісін күтін ұстауға 543 техника мен 28 мың тоннадан астам мұздан тазартатын материал дайындалуда.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәліметінше, республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар автожолдарда және өңірдің елді мекендерінің ішкі жолдарында қысқы күтіп ұстау және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүргізу үшін 66 мердігер ұйым жұмылдырылады.

«Облыстағы жол жөндеу жұмыстары мамандандырылған мердігерлерге тапсырылды. Қазіргі уақытта жолдар қысқы мезгілге дайындалуда. Биылғы маусымда қар тазалауға 543 мамандандырылған техника жұмылдырылады деп жоспарлануда. Оның ішінде республикалық маңызы бар жолдарда 83, облыстық

және аудандық маңызы бар жолдарда 150, елді мекендер ішінде 310 бірлік техника жұмыс істейді. 28 мың 700 тоннаны құрайтын мұздан тазартатын материалдардың қажетті көлемі бар. 310 тонна жанар-жағармай сатып алынып, қоймаларға жеткізілуде. Сонымен бірге қауіпті және таулы аймақтардағы жол жиектеріне тайғаққа қарсы материалдар да жеткілікті, — делінген облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы берген ақпаратта. Ағымдағы жылдың 15 қарашасына дейін республикалық және облыстық маңызы бар жолдарға уақытша жол белгілері орнатылады.

Айта кету керек, Жетісу өңіріндегі жолдардың жалпы ұзындығы 4 мың 19 шақырымды құрайды. Оның 1 мың 34 шақырымы республикалық маңызы бар, 2 мың 762,8 шақырымы облыстық, 222,3 шақырымы аудандық маңызы бар жолдар.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

АКТУАЛЬНО МОДЕРНИЗАЦИЯ КОММУНАЛЬНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ – В ДЕЙСТВИИ

Работа департамента Комитета по регулированию естественных монополий по области Жетісу осуществляется в рамках основных направлений деятельности Комитета Министерства национальной экономики РК, направленных на совершенствование и развитие государственного регулирования монопольного сектора экономики. Об итогах реализации тарифных, инвестиционных программ и национального проекта в регионе на площадке региональной службы коммуникаций рассказал руководитель департамента Думан Калубек.

По его словам, Национальный проект «Модернизация энергетического и коммунального секторов» на 2025–2029 годы предусматривает диверсифицированное финансирование, внедрение прозрачных закупок и цифрового контроля, приоритет отечественных производителей и формирование новых условий для реализации концепции «Умный город». В результате ожидается рост надежности и качества услуг, предсказуемость платежей для семей, а также создание дополнительных экономических эффектов в регионах.

По области Жетісу в сфере теплоэнергетики уровень износа на текущий год составил 49%, на модернизацию и ремонт сетей в течение следующих пяти лет предусмотрено 22,9 млрд тенге, что позволит к 2029 году снизить износ до 42,5%.

В электроэнергетике износ в 2025 году достиг 89%, в модернизацию будет вложено 27,3 млрд тенге, в результате ремонта 1090 километров

сетей показатель износа снизится до 51%.

В сфере водоснабжения износ сетей на начало 2025 года составлял 54,79%, на инвестиции в размере 22,1 млрд тенге и проведение ремонта протяженностью 176,5 км ожидается снижение износа до 42,2%.

В водоотведении при текущем уровне износа в 54,34% запланированы вложения в размере 11,8 млрд тенге и ремонт 98,31 км сетей, что позволит к 2029 году снизить износ до 40,4%.

В 2026 году в реализации Национального проекта примут участие АО «Талдыкорганская акционерная транспортная электросетевая компания», КГП «Талдыкоргантеплосервис», КГП «Жетысу Водоканал» и КГП «Текели Су кубыры».

На текущий момент департаментом регулируется деятельность 46 субъектов естественных монополий, работающих в сферах водоснабжения, электро- и теплоэнергетики, газоснабжения и подъездных путей.

С начала 2025 года поступило 105 заявок на изменение тарифов, из которых 37 возвращены для доработки, а по трем утверждены инвестиционные программы. В рамках программы «Тариф в обмен на инвестиции» рассмотрены проекты КГП «Жетысу Водоканал» и АО «ТАТЭК». Так, для КГП «Жетысу Водоканал» утверждена дополнительная инвестиционная программа на 40 млн тенге, которая позволит снизить износ сетей на один процент. Для АО «ТАТЭК» утвержден тариф на транспортировку электрической энергии в размере 13,64 тенге за 1 кВтч, что сопровождается дополнительной инвестиционной программой в сумме 1,796 млрд тенге, направленной на модернизацию и реконструкцию активов с целью снижения износа сетей и сокращения аварийности.

НА ТЕМУ ДНЯ ПОТРЕБИТЕЛЮ – СВОБОДНЫЙ ВЫБОР И БЕЗОПАСНОСТЬ

Итоги работы департамента торговли и защиты прав потребителей Министерства РК по области Жетісу за 9 месяцев текущего года озвучил руководитель ведомства Айдоос Дауешев на площадке региональной службы коммуникаций.

По словам спикера, за отчетный период в департамент поступило 643 обращения граждан. Из них правовая помощь оказана по 138 обращениям, разъяснительная работа проведена по 368 случаям, проведено 162 проверки (в сфере регулирования торговой деятельности – 148, в сфере защиты прав потребителей – 14), в суд обратились 31 потребитель.

Общая сумма возмещенных потребителям средств составила более 41 млн тенге.

Наибольшее количество обращений приходится на: розничную торговлю — 176 обращений, электронную — 103, услуги ЖКХ — 89, бытовые услуги — 52, туристические — 37, образовательные — 32, услуги связи — 27, общественное питание — 26, медицинские услуги — 17, финансовые — 7, транспортные — 5 и другие сферы — 72.

Основные причины жалоб связаны с нарушением законодательства со стороны предпринимателей, а также с ростом правовой грамотности и потребительской культуры граждан.

В сфере государственного контроля в 2025 году проведено: 12 профилактических проверок с посещением объектов — выявлены нарушения по превышению цен на социально значимые продовольственные товары,

выданы предписания; 139 внеплановых проверок — в большинстве случаев нарушения касались торговых надбавок на социально значимые товары.

Так, в рамках административной ответственности 99 субъектов предпринимательства предупреждены по статье 204-4 (часть 1), 6 субъектов оштрафованы на сумму около 627000 тенге, 4 субъекта оштрафованы на 47184 тенге по статье 193.

В сфере защиты прав потребителей проведено 14 внеплановых проверок, в 13 из них выявлены нарушения. К ответственности привлечены 13 нарушителей: по статье 190, ч. 5 — 2 предупреждения и 12 штрафов на сумму 237886 тенге.

— Департамент напоминает, что каждый потребитель имеет право на достоверную информацию об услугах, свободный выбор и безопасность. Жалобы можно направлять через портал eGov, Telegram-bot или обратиться лично к нам, — подчеркнул Айдоос Дауешев.

Спикер также напомнил, что с 25 сентября по 30 октября в стране проводится республиканская акция «Береке Fest». По всей республике в акции участвуют около 80 торговых сетей. Среди них крупные ритейлеры, такие как Magnit, SMALL, Toimart, Фермаг, Анвар, Dina, Астыкжан, Норма, Дана, а также ряд региональных сетей. Реализуемая инициатива охватывает все регионы страны и направлена на стабилизацию цен на товары первой необходимости, поддержку отечественных товаропроизводителей, а также повышение доступности казахстанской продукции для населения.

Алма УРАЗАЕВА



ГОД
РАБОЧИХ
ПРОФЕССИЙ

Строительная компания ТОО «ДС Монолит» создана в 2018 году в городе Талдыкорган и уже весьма успешно зарекомендовала себя на строительном рынке областного центра и соседних областей.

Говорит руководитель компании Роман Рябенко — деловой мужчина средних лет: «Наша организация занимается в основном инженерной сантехникой: отоплением, водопроводом, канализацией — производим полный монтаж. Участвуем в тендерах: строительство нового жилья, реконструкция промышленных и производственных зданий, школ, детских садов. Стараемся тесно сотрудничать с КСК».

Так получилось, что обратиться к Роману мне пришлось совершенно случайно: знакомые попросили посоветовать хорошего сварщика. И вот при встрече я заинтересовался, есть ли такой в его штате. «Ну, конечно же, есть. А вот и он как раз здесь, сейчас позову, познакомлю, пообщаетесь», — улыбается Роман Владимирович и подводит меня к взрослому мужчине в брезентовом костюме сварщика, деловито направляющемуся в цокольное помещение строящегося многоэтажного жилого дома.

— **Здравствуйте! Мне вас рекомендовали как хорошего сварщика. Вы можете выслушать маленькую просьбу?**

— **Добрый день. Ну, хороший — не хороший, но опыт имеется. Давайте только коротко, работа авральная.**

Короче, мы обговорили по сути, и я решил поведать миру об этом уникальном человеке труда — простом работяге Жанарбеке Дуанбекове. Для этого я таки попросил его уделить мне буквально десять минут, на что получил согласие с разрешения его непосредственного руководителя.

«Родился я в деревне Глиновка — это в горах Алакольского района, в многодетной семье. Отец — чабан, мама — доярка. После школы пошел в местную машинно-тракторную мастерскую в токарный цех учеником, отработал там восемь лет. Затем перебрался в город, решил перекалцифицироваться в сварщики. Попробовал — получилось. Так и работаю до сих пор, вот уже больше 25 лет. Прак-

СуперЖорик — МАСТЕР СВАРОЧНОГО ДЕЛА



тически в каждом новом здании в городе есть частичка моего труда — сварочные работы очень востребованы в строительстве, и нашей фирмой сдано под ключ множество объектов. Я очень люблю свою работу, стремлюсь делать ее качественно, чтобы впоследствии не выслушивать недовольства заказчиков. Ну и, конечно же, ощущается уважение и забота руководства. Всегда прислушиваются к мнению рабочих и с пониманием идут навстречу. Потому и стараемся оправдать доверие и ни в коем случае не подводить свое начальство. Ладно, можно я пойду уже — работы много, некогда мне тут с вами разговоры разговаривать, труба зовет», — завершает наш диалог Жанарбек Нурашевич и скрывается в подвале здания — завершать монтаж теплосистемы.

Коллеги говорят: «Жорик — красавец, пахарь, никогда не сидит без работы. Варит, стучит, шумит, потом покурит три минуты — снова что-то варит... И никогда не откажет в личных просьбах: надо и банзай, вперед, какой разговор! Аман болсын, біздің Жора аға, жақсы адам, простой, человеческий».

... Но, увы, не всегда бывает так, как хочется: год назад коварная болезнь забрала жизнь его супруги. С трудом пережив трагедию, вмиг заметно осунувшийся, резко постаревший, но не сломленный духом отец девочки-школьницы продолжает свой очень важный и полезный труд. Вот такой он: Жанарбек Дуанбеков, среди своих — СуперЖорик, Джон: на 100-й сварщик, 50-летний ветеран строительства. Немного словный. Деловой. Работящий. Давайте пожелаем ему только самого хорошего!

Абай СУРАКБАЕВ

СПОРТ

ЖЕТЫСУСЕЦ УСТАНОВИЛ РЕКОРД

Специалист Талдыкорганского отделения филиала по передаче и сбыту электроэнергии АО «ТАТЭК» Саят Имбергенов стал чемпионом мира по пауэрлифтингу и установил новый мировой рекорд, изменив прежний показатель в 130 кг на 147,5 кг.



Мировое первенство проходило в Караганде с 19 по 22 сентября текущего года. В нем приняли участие профессиональные спортсмены из разных стран — всего около 1300 участников.

— Путевку на Чемпионат мира я получил в апреле на первенстве Азии, а также был специально приглашен казахстанской федерацией «Национальная ассоциация пауэрлифтинга», — рассказал спортсмен. — Уже на соревнованиях, реализовав все подходы и побив рекорд, я все еще сомневался в своей победе. И только когда мне вручили наш казахстанский флаг и я поднялся на первую ступень пьедестала почета, получая

поздравления наставников и коллег, понял, что оправдал надежды своего края, села, родных и, прежде всего, мамы Турсун Мукашевны, супруги Назым и сына Османа.

Хотя до старта, признается спортсмен, были бессонные ночи, волнение и переживание за будущий результат.

Саят Имбергенов занимается пауэрлифтингом более шести лет. До этого, начиная с детских лет, тренировался в самбо, дзюдо и казахской национальной борьбе. После службы в армии увлекся гиревым спортом, где выполнил норматив мастера спорта. Затем хороший знакомый, спортсмен по пауэрлифтингу, убедил Саята попробовать свои

силы и в этом виде спорта, уверяя, что и он ему по плечу. В действительности, за годы занятий здесь он стал чемпионом Казахстана, Азии, а теперь и мира, везде установив свой рекорд.

Сегодня он — Чемпион мира, мастер спорта международного класса по классическому двоеборью — экстремальному подъему на бицепс и классическому подъему на бицепс.

— Пауэрлифтинг хоть и не является олимпийским видом спорта, но один из самых массовых. В одних соревнованиях может быть до 25 дисциплин, и в каждой участвуют несколько сотен спортсменов, — отмечает Саят.

В энергетике Саят работает более 4 лет. Начал в селе Сарыозек Кербулакского района электромонтером, затем инженером, заместителем директора энергосбыта районного РЭС, а сейчас трудится в Талдыкоргане, оставаясь жить в Сарыозеке.

Спортсмен строит планы и на будущее:

— Хочу открыть спортивный клуб по пауэрлифтингу и силовым видам спорта в Сарыозеке. Уже завершается ремонт зала, разработан собственный логотип «Tai Sport». Все готово для того, чтобы обучать детей и молодежь, привлекать их к занятиям спортом и участию в соревнованиях.

Алмагуль ЖАНДОСҚЫЗЫ

АЗАМАТТАРДЫҢ АЙТАРЫ БАР

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл 17 тұрғынды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдау барысында азаматтар әлеуметтік көмек көрсету, жол сапасы, тұрғын үй құжаттарын рәсімдеу, жеке кәсіп бастау үшін жер телімінің қажеттігі, көпқабатты тұрғын үйлердің шатыр жабындысы мен қасбетін жаңарту, үйді жекешелендіру сияқты өзекті әлеуметтік мәселелерді көтерді.

Кездесу кезінде қала әкімі әрбір өтінішке мұқият назар аударып, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

«Халықпен ашық диалог орнатып, әрбір тұрғынның мәселесіне назар аудару біздің басты міндетіміз. Көтерілген сұрақтардың барлығы назарда ұсталып, кезең-кезеңімен шешімін табатын



болады», – деді қала әкімі.

Сонымен қатар, қала басшысы барлық көтерілген мәселелер жеке бақылауға алынатынын және олардың оң шешілуіне жан-жақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

ЗАМАНАУИ ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

Қала әкімдігінің мәжіліс залында Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл Түркиялық «ACE Power & Energy Systems» компаниясының өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында түркиялық компания Талдықорғанда заманауи қоқыс өңдеу зауытын салуға ниетті екендігін жеткізді. Сонымен қатар, қалдықтарды қайта өңдеуге арналған қондырғылар орнату жоспарланып отыр.

Жоба аясында күніне 500 тоннаға дейін қоқыс өңдеуге қауқарлы зауыт іске қосылады. Бұл кәсіпорын тек қоқысты өртеп қана қоймай, одан электр энергиясы мен жылу өндіруді де көздейді.

Жоба авторларының айтуынша, зауыт еуропалық стандарттарға сай жасалған. Ол атмосфераға көмірқышқыл газының таралуына зиян келтірмейді. Сонымен қатар, өңделген қоқыс қалдықтарының бір бөлігі құрылыс және жол салу жұмыстарында қайта қолдануға жарамды.

Қала әкімі Ернат Бәзіл жобаның өзектілігіне тоқталып, оны жүзеге асыру арқылы өңірдің экологиялық мәселелерін шешуге болатынын атап өтті.

«Мұндай тың жоба қаламыз үшін аса қажет. Қала аумағынан күн сайын 100 тоннаға жуық тұрмыстық қатты қалдық шығарылады. Өкінішке қарай, оның басым бөлігі қайта өңделмей, қоқыс полигонында жиналып жатыр. Бүгін түркиялық компанияның ұсынып отырған жобасымен таны-



сып, оның қалай жұмыс істейтініне көз жеткіздік. Ендігі міндет – осы жобаны нақты жүзеге асырып, жылдар бойы полигонда жиналып қалған қоқысты тиімді өңдеу. Осы арқылы біз қала аумағынан шығатын қалдықтарды қайта өңдеп, экологиялық жағдайды жақсартып аламыз», – деді қала әкімі Ернат Бәзіл.

Айта кетейік, аталмыш зауыт іске қосылған жағдайда ол тек Талдықорған қаласын ғана емес, сонымен қатар Көксу, Ескелді, Қаратал аудандары мен Текелі қаласының қалдықтарын да өңдейтін болады.

АРМАТУРА ӨНІМІ СҰРАНЫСҚА ИЕ

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл қаламыздағы арматура өнімін өндіретін «А.Ф. (Эй.Эф)» ЖШС зауытының жұмысымен танысып, өндіріс ошағын аралады.



Еске салсақ, аталған зауыт 2018 жылы құрылған, ал 2021 жылдан бастап толық қуатта жұмыс істеп келеді. 2023 жылы зауыт толықтай жаңғыртудан (мо-

дернизациядан) өтіп, қазіргі таңда айына 1000-1500 тонна, жылына 13-15 мың тонна өнім өндіруде.

Өндірілген арматура өнімдерін Алматы, Тараз, Шымкент және өзге де қалаларға жеткізіліп, еліміздің құрылыс саласына сапалы өнім ұсынып отыр. Барлық өнімдер Қазақстан Республикасының сапа стандарттарына толық сәйкес келеді.

Бүгінде зауытта 70-ке жуық жергілікті тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылған.

Зауыт басшысы қала әкіміне алдағы уақытта өндірістік қуатты жылына 50 мың тоннаға дейін жеткізу және жаңа бұрыштама металл (уголок) өндіретін цех ашу жоспары бар екенін жеткізді.

Қала әкімі Ернат Бәзіл зауыт жұмысына жоғары баға беріп, қолдау танытатындығын айтты.

«Осындай өндіріс ошақтарының дамуы қаламыздың ғана емес, тұтас аймақтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің артуына үлес қосады. Жергілікті тұрғындардың жұмыспен қамтылуы мен отандық өнімнің өркендеуі біздің басты мақсаттарымыздың бірі. Бұл нақты іспен дәлелденіп отырған жарқын мысал», – деді.

ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ АБАТТАНДЫРУ

Қала әкімі Ернат Бәзіл қала аумағындағы бірқатар құрылыс және абаттандыру нысандарын аралап, атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Сапар барысында ең алдымен «Бірлік» шағын ауданындағы көпқабатты тұрғын үй құрылысы мен скверді көріп, ондағы жұмыстардың жай-күйін бағамдады.

Одан кейін «Береке» коттедж қалашығында газ желілерін тарту жұмыстарымен танысып, «Жастар-3» тұрғын үй алабындағы қарқынды жүріп жатқан жол жөндеу жұмыстарының барысын бақылады.

Сондай-ақ, «Ұлан» шағын ауданында жүргізіліп жатқан тұрғын үйлердің қасбеттерін жаңарту жұмыстарын көріп, аулаларында абаттандыру жұмыстары жалғасып жатқан «Жетісу» және «Жұлдыз» шағын аудандарына да барды.

Қала басшысы көркем гимнастикаға арналған спорт кешенінің құрылысы қалай жүріп жатқанын тексеріп, Рүстембеков көшесіндегі орташа жөндеу жұмыстарының барысымен де танысты.

Танысу барысында қала әкімі бірқатар мәсе-



лелерге байланысты сын-ескертпелер айтып, жұмыс сапасын арттыруды, белгіленген мерзімдерді қатаң сақтауды және барлық жұмыстарды күнделікті бақылауда ұстауды жауапты бөлім басшылары мен мердігер компанияларға қатаң тапсырды.

ЖОЛДАУ-ІС ЖҮЗІНДЕ



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ЖЕР КОМИССИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

Қала әкімдігінің мәжіліс залында Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Рүстем Бершінбековтың төрағалығымен жер комиссиясының жаңа құрамымен алғашқы отырысы өтті.



Жаңа комиссия құрамы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-бабына сәйкес, 2025 жылғы 25 қыркүйектегі №607 қаулы негізінде құрылды. Комиссия құрамына мемлекеттік органдардың, уәкілетті мекемелердің және қоғам өкілдері енді.

Жиын барысында жаңадан жасақталған комиссия мүшелері таныстырылып, тұрғындардың жер учаскелеріне қатысты (кеңейту, жалға алу, жеке меншікке рәсімдеу, тұрақты жер пайдалану) өтініштері қаралды. Барлық өтініштер бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шешімдер қабылданды.

Айта кетейік, жер комиссиясының отырысы апта сайын тұрақты түрде өткізілуде.

ИДЕОЛОГИЯ – ТӘРБИЕ КӨЗІ

Қала әкімдігінің мәжіліс залында қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андобековтің төрағалығымен идеологиялық кеңес отырысы өтті. Жиынға қалалық құзырылы бөлімдер, құқық қорғау органдары мен жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.



Кеңесте Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында белгіленген негізгі басымдықтар цифрлық трансформация, жасанды интеллектті енгізу және ақпараттық қауіпсіздікті нығайту мәселелері қаралды.

Алғашқы баяндаманы ішкі саясат бөлімінің басшысы Ильяс Сағымбеков жасап, қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау мен идеологиялық жұмыстарды жүйелі жүргізудің маңызын атап өтті.

Білім бөлімі, жастар ресурстық орталығы және басқа да сала жетекшілері өз бағыттары бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жайлы баяндама жасады. Атап айтқанда, кәмететке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, маргиналды және NEET санатындағы жастармен жұмыс, сондай-ақ білім саласындағы тәуекелдерге талдау жасау мәселелері көтерілді.

Кеңес барысында әлеуметтік желілердегі резонанстық жарияланымдарға мониторинг жүргізу, жалған ақпараттың таралуына жол бермеу, қоғамдық іс-шаралардың мазмұнына ерекше назар аудару және мәдени-тілдік саясатты нығайтуға қатысты нақты тапсырмалар берілді.

Қала аумағында есірткі жарнамасына қарсы шұғыл шаралар қабылдау, мектеп жанындағы қауіпсіздік мәселелері мен мұғалім мәртебесін көтеруге бағытталған іс-шаралар да күн тәртібінен тыс қалмады.

Жиын соңында барлық жауапты құрылымдарға нақты тапсырмалар жүктеліп, олардың орындалуы ішкі саясат бөлімі тарапынан қатаң бақылауға алынбақ.

ЕСКЕРТКІШТЕР ЕЛДІГІМНІҢ БЕЛГІСІ

Қаланың тарихи-мәдени мұрасын сақтау және эстетикалық келбетін жақсарту мақсатында Талдықорған орталығында орналасқан «Үш ата» (Ескелді би, Балпық би, Қаблұса жырау) және Қабанбай батыр ескерткіштері аумағында абаттандыру жұмыстары жалғасуда.

Аталған жұмыстар аясында ескерткіштердің айналасы ретке келтіріліп, жарықтандыру жүйесі жаңартылып, көгалдандыру мен демалыс аймақтарын жаңарту жоспарлануда. Сонымен қатар, абаттандыру кезінде ескерткіш маңындағы гранит тастар толықтай ауыстырылып, жаңартылмақ.

Еске сала кетейік, «Үш ата» ескерткіші 2006 жылы ел бірлігін бекемдеп, жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте елдің азаттығы үшін өңбек сіңірген үш тарихи тұлға Ескелді би, Балпық би және Қаблұса жырауға арнап орнатылған.

Ал Қабанбай батыр ескерткіші қазақтың даңқты қолбасшысының құрметіне 2010 жылы бой көтерген еді.

Айта кетейік, қазіргі таңда қала аумағында есімдері ел жадында мәңгі қалатын 15 тарихи тұлғаның еңселі ескерткіштері бар.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА ҰСТАЗ – ҰЛЫ ТҰЛҒА

Әрбір оқушының білім көкжиегінде еркін самғап, өз әлеуетін толық ашуына ұлы тұлғалардың, яғни, ұстаздардың қосар үлесі зор. Ұстаз – ұлт болашағын қалыптастырушы тұлға. Осы жауапкершілігі мол, мәртебелі мамандық иелерін мереке аясында қала әкімі Ернат Бәзіл салтанатты түрде марапаттады.



Салтанатты жиында қала басшысы білім саласында қол жеткізілген оң нәтижелерге тоқталып, шәкірт тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздарға тілегін жеткізді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының нақты міндеттеріне тоқталып, бұл міндеттер еліміздің білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған стратегиялық бағдар болып табылатындығын атап өтті. «Білім саласын дамыту – елдің болашағын айқындайтын маңызды басымдық. Ол халықтың әл-ауқатын арттырудың, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болудың және кемел келешекке қадам басудың негізгі алғышарты болып саналады. Ұстаздар күні – орны бөлек, дәрежесі биік, ең ұлық та ұлағатты мереке. Ұрпақтың ұлы мұраты жолында тер төгіп жүрген ұстаздардың еңбегі ерекше құрметке лайық. Ұрпаққа сапалы білім беріп, тәрбие мен тәлімнің негізін қалаған ұстаздарға бас иеміз. Мерейлі мерекемен құттықтай отыра, білімге баулыған оқушыларыңыздың оқуда озат, өмірде ұлтжанды, ел азаматтары болуына тілектеспін», — деді Ернат Дүйсенбекұлы. Мерекелік шара барысында бірқатар ұстаздар Талдықорған қаласы әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты, Жетісу облыстық мәслихаты мен білім басқармасының марапаттарына ие болды. Бұдан бөлек, қалалық білім мекемелері арасында өткізілген байқау қорытындысы бойынша «Үздік бастауыш сынып мұғалімі», «Үздік сынып жетекшісі», «Үздік балабақша» және «Жетісу ұстазы» номинацияларының жеңімпаздарына қаржылай сыйлықтар табысталды.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ӨЗЕКТІ САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ – БЕЙБІТШІЛІК КЕПІЛІ

Жаһанганы дәуірінде әсіресе, ішкі саяси тұрақтылықты сақтау аса маңызды. Ұлтаралық, дінаралық келісімнің арқасында елдің ынтымағы артып, тұрақтылық пен бейбіт өмірдің негізін қалай аламыз.



Қазақстан – көп ұлтты зайырлы мемлекет. Әр азаматтың наным-сенімін құрметтейтін демократиялық жолмен дамып келеміз. Ел заматтары діни сеніміне қарамастан, тең құқылы. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңында «Азаматтардың дінге көзқарасына байланысты, олардың азаматтық құқықтарының бұзылуына, діни қызметіне заңсыз кедергі келтіруге немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлауға жол берілмейді» деп атап көрсетілген. Зайырлылық қағидасы осыны көздейді. Еліміздегі конфессияаралық және этносаралық толеранттылық – ата-бабаларымыздан жалғасқан үлкенге құрмет, кішіге ізеттіліктен басталып, өзге ұлттарға, басқа ұлыстарға қонақжайлылық таныту, татулық пен достыққа адал болуға ұласып келеді. Бұл ұстаным ұлттық дәстүрді дәріптеу арқылы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан қағида.Этносаралық, дінаралық келісімді сақтау-жалпыұлттық бірліктің, саяси тұрақтылықтың, бейбітшіліктің кепілі. Біртұтас ел болып, тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түскен мемлекетіміздің бүгіндегі басты бағыты-халықтың тұрмыс сапасын жақсартып, жастардың болашаққа нық қадам басуына сенім ұялату. Егер, қандай - да бір ұлттың әлеуметтік, ұлттық, рулық, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетіне немесе діни сезімдерін қорлауға бағытталған қасақана әрекеттер тіркелсе, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 174-бабына сай мұндай әрекеттер қылмыс ретінде қарастырылып, жаза тағайындалады. Татулық бар жерде береке бар екенін назарымызда ұстаған абзал.

Рақым ТҰРПАНОВ,

Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі



ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚҰҚЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТ НАЗАРЫНДА

Жас ұрпақтың бойында құқықтық мәдениетті қалыптастыру мен тәрбиелік бағыттағы жұмыстарды жүйелі жүргізу – білім беру мекемелерінің басты міндеттерінің бірі. Осы мақсатта №27 орта мектеп-гимназиясында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мәселелері бағытындағы 2025–2027 жылдарға арналған ведомстваралық кешенді жоспардың орындалуын бақылау мақсатында мониторингтік тексеріс жүргізілді.

Тексеріс жұмыстары аталмыш жоспардың жүзеге асырылуын бақылайтын азаматтық қоғам мүшелерінен құрылған арнайы мониторинг тобының, сондай-ақ, мектеп әкімшілігі, психолог, әдеп-құқық жөніндегі ментор қатысуымен

өтті. Бақылау барысында мектеп аумағындағы бейнебақылау камераларының жұмыс істеу жағдайы, құқық бұзушылық орын алған жағдайда сигнал беруге арналған жедел түйме жүйесінің тиімділігі, оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстардың нәтижелері талқыланып, тәртіп бұзушылық жағдайларының себептері мен оларды шешу жолдары қарастырылды. Мектеп директорының орынбасары өз сөзінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастырудың, ата-анамен тұрақты байланыс орнатудың және мектеп пен қоғам арасындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті. Ал, кездесуге арнайы қатысқан меймандар жасөспірімдерге қоғамға жат іс-әрекеттердің салдары, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік, қоғамдық тәртіпті сақтау және кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта жүруінің қауіптілігі жөнінде жан-жақты түсіндірме жасады. Айта кету керек, өткен жылы бұл мектепте аталған санатта 12 оқушы тіркелсе, биыл олардың саны 4 балаға азайған.

Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ КҮШЕЙТУ

Жетісу облысы полиция департаменті өңірдегі қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында заманауи цифрлық шешімдерді кезең-кезеңімен енгізіп келеді. Бұл туралы Жетісу облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары Әлімбет Смайлов Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында БАҚ өкілдерімен кездесуде баяндады.

Қазіргі таңда облыс аумағында 20 мыңнан астам бейнекамера орнатылған. Оның ішінде 1 200-ден астамы департаменттің өз қаражаты есебінен қойылған. Камералар Жедел басқару орталығына біріктірілген. 2025 жылдың көктемінен бастап «Target AI» жасанды интеллект жүйесі енгізілді. Ол арқылы бет-әлпетті тану және құқық бұзушылықты автоматты анықтау мүмкіндігі іске қосылған. Осы жүйенің көмегімен іздеуде жүрген 6 адам ұсталды.

Бейнебақылау жүйесі тек көшелерде ғана емес, әлеуметтік нысандарда да орнатылған. Бүгінде облыстағы 321 мектептің 279-ы қауіпсіздік талаптарына сай келеді. Барлық білім беру мекемелері жедел басқару орталығына қосылған бейнекамералармен және дабыл түймелерімен жабдықталған.

Полиция мен тұрғындар арасындағы байланысты жақсарту үшін омниканалды өтініш қабылдау жүйесі іске қосылды. Енді азаматтар полицияға «EgovMobile», Kaspi.kz, Halyk Bank және ID102 қосымшалары арқылы хабарласа алады. Жүйе іске қосылғалы бері 300-ден астам өтініш тіркеліп, жауапты мамандарға жолданған.

Қоғамдық орындарда төтенше жағдай кезінде жедел көмек шақыруға арналған «SOS» батырмалары орнатылуда. Қазір облыс бойынша 16 батырма жұмыс істейді, ал 2025 жылдың соңына дейін тағы 8 батырма орнату жоспарланған.

Сондай-ақ облыс орталығы мен аудандарда жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған автоматтандырылған бақылау жүйелері белсенді жұмыс істеп тұр. 92 бақылау бекетінде 500 бейнекамера орнатылған. «Сергек» және «Мерген» жүйелері арқылы көлік қозғалысы бақыланып, жол ережесін бұзған фактілер автоматты түрде тіркеледі.

Жол қозғалысын бақылаудың тағы бір жаңа тетігі – «Қорғау» мобильді қосымшасы. Қосымша патрульдік полиция қызметкерлерінің планшеттеріне орнатылып, іздеудегі көліктер мен заң бұзған жүргізушілерді анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар «TOR» жүйесі жолдағы жағдайды нақты уақыт режимінде талдап, апат қаупін алдын ала болжауға бағытталған.

Қызмет сапасын арттыру және полиция жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында департамент қызметкерлері смарт-бейнежетондармен жабдықталып жатыр. Бұл құрылғылар қызмет барысын бейне және аудио түрінде тіркеуге мүмкіндік береді.

Бұған қоса, облыс бойынша 10 аудан мен қала бөлімшелерінде «Жаппай бейнебақылау» жобасы жүзеге асырылып, 796 бейнекамера орнатылды. Бейнебақылау барлық қызметтік бөлмелерді қамтып, халықпен жұмыс істейтін бөлімшелерде қауіпсіз әрі ашық қызмет жүргізуге жағдай жасалған.

Арай НҰР

500 ТҮП КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ

Облыс орталығы Талдықорғанда «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан күзгі тазалық жұмыстары қарқынды түрде жалғасуда.

Атап айтқанда, санитарлық мақсатта ағаштарды кесу, арық желілерін тазарту жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, жол жиектерімен қатар саябақтар, скверлер мен аялдамалар да ретке келтіріліп, құл-қоқыстан тазартылуда.

Қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейітмбетов:

– «Тазалық әрбір тұрғынның ортақ жауапкершілігі. Біз барлығымыз бірлесіп әрекет етсек, қаламызды таза әрі көрікті ете аламыз. Бұл бағыттағы жұмыстар бір реттік шара емес, жүйелі түрде жүргізілуде. Алдағы уақытта да сенбіліктер мен экологиялық акциялар кең ауқымда ұйымдастырылып, әрбір азаматтың белсенді қатысуына жағдай жасалады», — деді ол.

Айта кетейік, бүгінде қала аумағында ағаш көшеттерін отырғызу жұмыстары басталып кетті. Жаппай республикалық сенбілік аясында 500 түп жапырақты және қылқан жапырақты ағаш көшетін отырғызу жоспарлануда.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



ЕЛ МАҚТАНЫШЫ АЛАКӨЛ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНЕ – 60 ЖЫЛ

Үшарал қаласының мәдениет үйінде ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының 60 жылдық мерейтойлық шарасы мұражайда жалғасты.



Қонақтар мен ардагерлер Жауынгерлік даңқ мұражайын аралап, шекара басқармасының тарихымен танысты. Экспозицияда Алакөл шекара жасағының қалыптасу кезеңдері, командирлердің өмір жолы және Жалаңашкөл мен Сарыбөктердегі тарихи оқиғалар қамтылды.

Жәдігерлер мен фотосуреттер ерлік пен тарихтың айғағындай әсер қалдырды.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының 60 жылдық мерейтойына арналған шарада уақыт капсуласын салу рәсімі өтті. Бұл – қазіргі шекарашылардың болашақ ұрпаққа арнаған аманаты. Капсулаға ел тыныштығы мен Отан тұтастығын қорғауға үндеген хаттар салынды. Рәсім - ұрпақтар сабақтастығы мен шекарашы рухының мәңгілігін айқындады. Шарада Үшарал шекара жасағының бұрынғы командирі, ардагер шекарашы генерал-майор Құсайын Беркалиев бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен естеліктерімен бөлісті. Қиын кезеңдерде әскери бөлімді қалай басқарғанын әңгімелейді. Сондай-ақ ол қазіргі шекарашылардың жауапты қызметіне табыс тілеп, Отанға адалдық пен рух берік болсын деген ізгі лебізін білдірді. Сонымен қатар, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының жеке құрамы шекарашы ардагерлерімен бірге Үшарал қаласының орталық алаңында сап түзеп, соғыс және қызмет жолында қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым етті.

Ескерткіштерге гүл шоқтарын қою рәсімі елге деген адалдық пен патриоттық сезімнің айғағына айналды. Осы бір сәтте өткен күннің ерліктері мен бүгінгі бейбіт өмірдің байланысы айқын сезіліп, «Ерлік – елдің мәңгі жадында» деген ұғымның мәні тағы бір мәрте ұлықталды.

ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ МАҢЫЗДЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының жеке құрамымен кездесу өтті.



Шара барысында Жаркент қалалық мешітінің имамы А.Ширбеков және бөлім офицері, капитан Б.Исмагулов діннің теріс ағымдары мен олардың зияны туралы түсіндірме әңгіме жүргізді. Кездесу барысында әскери қызметшілердің діни сауаттылығын арттыру және радикалды идеологияның алдын алу мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының «Басқан» шекара бөлімшесінде тәрбие бөлімінің аға офицері капитан Б.Шәмшекбаев пен ҚР ҰҚК Шекара қызметі Үшарал гарнизоны бойынша әскери полиция бөлімінің жедел уәкілі лейтенант Е.Қалиақпар жеке құраммен профилактикалық сұхбат өткізді.

Кездесу барысында жағымсыз қылықтардың алдын алу тақырыптары талқыланды. Шара мақсаты - әскери тәртіпті сақтау, жеке құрам арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру болды.

**ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті**

ҰРПАҚ ҚАМЫ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ



Іс-шараның мақсаты – АСБ бар балалармен жұмыс істейтін мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру және заманауи әдістермен тәжірибе алмасу. Семинар барысында қатысушылар АСБ бар балалардың психологиялық ерекшеліктері мен мінез-құлықтық даму бағыттарын талқылап, тиімді әдістерді меңгерді. Орталық базасында ұйымдастырылған семинарға өңірдің түрлі аудандарынан келген 36 маман қатысты. Іс-шара мамандардың өзара тәжірибе алмасуына, кәсіби байланыстар-

«Аутизм және басқа да менталды бұзылулары бар балаларға арналған күнгізгі болу орталығы» КММ базасында орналы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандарға арналған «Педагогикалық шеберхана: аутизм спектрі бұзылыстары (АСБ) бар балалармен жұмыс стратегиялары мен әдістемелері» атты семинар-практикум өтті.

ды нығайтуға және заманауи тәсілдерді іс жүзінде қолдануға мүмкіндік берді. Қатысушылар семинардың жоғары деңгейде өткенін, тақырыптардың өзектілігі мен практикалық маңызын ерекше атап өтті. Мұндай іс-шаралар мамандардың кәсіби дамуына серпін беріп, ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыстың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ – ӨРКЕНДІ ҚАДАМ

Қазіргі уақытта мемлекеттің басшылығымен мүмкіндігі шектеулі жандар үшін бағдарламалар жасалып, жұмыстар жүргізілуде. Мүгедектікті жасөспірім кезінен анықтап, оларға ерте бастан ортаға қосылуына жағдай жасауымыз керек. Қазір мемлекетімізде 150 мыңнан аса мүмкіндігі шектеулі жандар өмір сүреді.

Мүмкіндігі шектеулі баланы қоғамға бейімдеу аса маңызды. Мүгедек балалар мен мүмкіндігі шектеулі жандардың денсаулығына және тәрбиесіне ерекше мән берілуі тиіс. Тәрбиенің мақсаты, яғни мүмкіндігі шектеулі жан өзін қоғамнан адам өмірінен алшақ ұстап қалмас үшін оларды еңбекке үйрету және де өмірде өз орнын табуға, өмірге икемді жеке тұлға тәрбиелеп қалыптастыру. Қазақ халқымыз «Еңбек еткен, мұратына жеткен» - деп бекер айтпаған. Осы бір керемет мақалдың ішіне бәрі сыйып тұрғандай. Яғни мүмкіндігі шектеулі жандар еңбек ете отырып өздерінің мұраттарына да жете білген.

Мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балалар дегенде көз алдымызға еңбекке жарамайтын, тек қана ата-ана қамқорлығындағы жандарды елестетеміз. Еңбек – бұл адамдардың өмірлік қажеттіліктері. Еңбек ету арқылы олар бір-бірін түсінеді, қоғамға бейімделеді, өмірге деген құштарлықтары арта түседі. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ата-ана мен педагогтардың орны ерекше. Ата-ана баласының қалаған ісімен еркін айналысып, қоршаған ортаны тануына, балалардың өзін толыққанды сезінуіне көмектесіп, оларға жол аша білуі тиіс. Осыған орай педагогтар мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жеке даму бағдарламасын пайдаланып отырып жұмыс жасайды. Инклюзивті балаларға қамқорлық – адамгершілік пен әділеттіліктің айқын көрінісі. Әрбір бала – қоғамның толыққанды мүшесі. Сондықтан оларға қолдау көрсету болашағымызға жасалған инвестиция. Инклюзивті қоғам құру арқылы біз мейірімді, түсіністік пен ізгілікке толы ұлт қалыптастырамыз.

**Майра ЖАМАНБАЕВА,
әлеуметтік қызметкер**

БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА БЕЙІМДЕУ

Әр адам қайталанбас тұлға болып есептеледі, сондықтан адам, адамгершілік тұрғылық қарым-қатынасқа құқылы. Әлеуметтік ортаға енгізу – әлеуметтік қатынастың жалпы жүйесіне және баланың өз жағдайына қарай білім алу ортасына мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру.

Бейімделу – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік құрылымдарға енуі. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік ортаға енгізудің негізгі бір факторы, ортаны мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындау. Мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға енгізудің екі жолы бар. Бірінші жолы, мүмкіндігі шектеулі баланы қоршаған ортаға бейімдеу. Бұл жолдың кемшілігі – біржақтылығы. Бұл жолмен керекті нәтижеге жету мүмкін емес, әлеуметтену процесі екі жақтылы болуы керек. Бұл дайындық процесінде интеграцияның объектісі ғана емес, сонымен қатар белсенді субъектісі болуы керек. Екінші жолы, мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға енгізу дайындығымен бірге, әлеуметтік ортаны мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындау. Негізгі факторы да осы. Мемлекет даму мүмкіндігі шектеулі азаматтардың білім алуына, дамуында ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығын қорғау жөніндегі заң құжаттарында айтылғандай, мүгедектер, оның ішінде мүгедек балалар және бала жасынан мүгедектер медициналық-әлеуметтік көмек алуға, оңалтуға (реабилитация), дәрі-дәрмектермен, протездермен, протездіортопедиялық бұйымдармен, жеңілдік жағдайларда қозғалыс құралдарымен қамтамасыз етілуге, сондай-ақ, кәсіби даярлану мен қайта даярлануға құқықтары бар.

Психофизиологиялық ауытқушылықтары бар балалармен психологиялық педагогикалық оқытудың



тәрбиелік сипаты, көрнекілік, жеке ықпал ету сияқты жалпы дидактика принциптерімен қатар арнаулы педагогикадағы түзете-дамыта оқыту және практикалық бағытта оқыту принциптерін басшылыққа алады. Дегенмен, осы балалармен жүргізілген жұмыстардың нәтижелілігі қосымша факторларға да байланысты. Ең алдымен, оқу сабақтарының балаларды қоғамдық тәртіп ережелеріне, белсенділіктерін дамытуға, коммуникабельдік дәрежесіне сәйкес келуі үлкен орын алады. Сонымен қатар, барлық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері арасындағы байланыс, яғни бір тақырыптың түрлі пәндерде қаралып, түсіндірулермен қатар, жағымды тұлға қасиеттерін қалыптастыруда еңбекке оқыту, еңбекке баулу ерекше маңызды. Практика барысында балаларда болашақ әлеуметтік бейімделуіне өте маңызды ұжымда бірлесе жұмыс істеу, еңбек етуге деген икем, жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Жеке тұлғаны әлеуметтік бейімдеу сабақта және сабақтан тыс уақыттардағы ұйымдастырылған сабақтар мен экскурсияларда өткізіледі.

**Гүлсім САЛИХАНОВА,
әлеуметтік қызметкер**

МЕКТЕП АСХАНАЛАРЫНА ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛДІ



Бірқатар білім ұйымдарында орын алған мәселеге байланысты Жетісу облыстық мәслихатының төрайымы Гүлнәр Тойлыбаева пікір білдіріп, санитарлық бақылаудың әлсіздігін атап өтті. «Бұл оқиғалар балалардың денсаулығына қауіп төндіреді. Кәсіпкерлердің жауапсыздығы мен тиісті бақылаудың жеткіліксіздігі осындай жағдайларға әкеліп отыр. Кінәлі мердігерлер мен жауапты тұлғалар анықталып, тиісті шаралар қолданылуы тиіс», – деді ол.

Жетісу облыстық мәслихаты депутаттары бұл мәселені өз бақылауына алып жергілікті білім басқармасы мен санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының жұмысын күшейтуді тапсырды. Сонымен қатар «AMANAT» партиясының бастамасымен қоғамдық мониторингтік топтар құрылып, олар білім беру ұйымдарындағы тамақ сапасын, қауіпсіздік деңгейін және инфрақұрылым жағдайын жүйелі түрде тексеретін болады.

Мониторингтің басты мақсаты – әрбір баланың мектепте сапалы, қауіпсіз және таза тағаммен қамтамасыз етілуін бақылау. Жетісу облысы әкімдігі мен білім басқармасы аталған бағыттағы жұмыстарды барлық

Жетісу облысында мектептердегі тамақ сапасына қатысты әлеуметтік желілерге сын пікірлер көбейді. Кейбір асханаларда тағамнан құрт табылған жағдай қоғамда үлкен резонанс туғызды. Осыған байланысты облыстық Білім басқармасы мен «AMANAT» партиясы бірлесіп, қоғамдық мониторинг жүргізуді бастады.

мүдделі тараптармен бірлесе жалғастырып, мектеп асханаларындағы тағам сапасы мен қауіпсіздігін тұрақты бақылауда ұстайтынын хабарлады.

Атап өтейік, 2025-2026 оқу жылында Жетісу облысы бойынша 315 мектеп жұмыс істейді. Оның ішінде 280 мектепте ыстық тамақ ұйымдастырылған, 13 мектепте буфеттік қызмет көрсетіледі, ал бейімделген ғимараттарда орналасқан 22 мектепте та-сымалды тамақтандыру жүзеге асырылады. Оқу жылының басынан бастап 1-4 сыныптарда оқитын 50 мыңнан астам оқушының барлығы тегін ыстық тамақпен қамтылды. Сонымен қатар әлеуметтік осал санаттағы отбасылардан шыққан 5-11 сыныптарда оқитын 15 784 бала да ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде. Жалпы алғанда, облыстағы 66 560 оқушы мектепте тегін ыстық тамақ ішіп жүр.

Биылғы жылы аз қамтылған және жекелеген санаттағы отбасылардан шыққан 25 229 оқушыны ыстық тамақпен қамту үшін жергілікті бюджеттен 2,6 млрд теңге бөлінді. Әр оқушының күнделікті тамағына 630 теңге мөлшерінде қаржы қарастырылған.

ПАЦИЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ: ӘР АЗАМАТ НЕНІ БІЛУІ ТИІС?

Әрбір қазақстандық өз медициналық құқықтарын білуі маңызды. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі азаматтарға медициналық көмек алу құқығына кепілдік береді. Бұл дегеніміз –

әрбір азамат тегін медициналық көмектің кепілденгірілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы қызметтерге қол жеткізе алады деген сөз. Пациенттердің құқықтары жөнінде Б.Құранбек атындағы Журналистер үйінде өткен баспасөз мәслихатында Талдықорған қалалық көпсәлем ауруханасының директоры Арман Жансәңгіров пен Талдықорған қаласы №2 қалалық емханасының директоры Гүлнафис Жүсіпәлиева толығырақ айтып берді.



ханада жатпай-ақ емделуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар физиотерапия мен оңалту шаралары да медициналық көрсеткіштерге байланысты тегін жүргізіледі.

Дамуында ерекшелігі бар балалар үшін Талдықорғанда Ерте араласуды дамыту орталығы жұмыс істейді. Мұнда логопед, дефектолог, психолог және реабилитолог сияқты мамандар кеңес беріп, балаларға ерте кезеңнен көмек көрсетеді. Ал жастарға арналған «JasLife» орталығында 10-29 жас аралығындағы азаматтар репродуктивті денсаулық, психологиялық қолдау және салауатты өмір салты бойынша тегін кеңес ала алады.

Қажет болған жағдайда пациент госпитализациялау порталы арқылы ауруханаға жолдама алуға құқылы. Бұл жүйе әділдікті қамтамасыз етіп, пациентке қалаған ауруханасын таңдауға мүмкіндік береді. Әрбір емханада Пациенттерді қолдау қызметі жұмыс істейді, онда азаматтар өз өтініштері мен шағымдарын тікелей шеше алады.

Биыл №2 Талдықорған қалалық емханасында 25 мыңнан астам тұрғын профилактикалық тексеруден өткен, 21 мыңнан астам азамат скринингтік зерттеуден, 5 531 балаға жоспарлы екпе егілген. Сондай-ақ 2 169 адам күндізгі стационарда ем қабылдаса, 1 456 тұрғынға мобильді бригадалар көмек көрсеткен. Бұл көрсеткіштер тұрғындардың өз денсаулығына деген жауапкершілігі артып келе жатқанын айғақтайды.

Мемлекет медициналық қызметтердің барлығын тегін әрі қолжетімді ету үшін жағдай жасап отыр. Дегенмен әр азаматтың өз міндеті де бар: денсаулығына жауапкершілікпен қарау, дәрігердің тағайындауларын орындау, медициналық ұйымның тәртібін сақтау және басқа азаматтардың құқықтарын құрметтеу.

Денсаулық – ең басты байлық. Сондықтан өз құқықтарыңызды біліп, қолданыңыз, ал ең бастысы – өз денсаулығыңызға ұқыпты болыңыз.

Арай НҰР

ТАҒАМ ӨНІМДЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

КО ТР 021/2011 – «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті. Бұл құжат ЕАЭО елдеріндегі тағам өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған міндетті талаптарды белгілейді.

КО ТР 021/2011, 7-бабына сәйкес, Тағам өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын негізгі талаптар мынадай:

Өнімнің қауіпсіздігі, гигиеналық талаптар, микробиологиялық және химиялық көрсеткіштер, тағамдық қоспалар, сәйкестікті бағалау.

КО ТР 021/2011, 39-бабына сәйкес, Тамақ өнімдерін таңбалауға қойылатын талаптар мынадай:

Тамақ өнімдерін таңбалау оларды таңбалау бөлігінде тамақ өнімдеріне қойылатын талаптарды белгілейтін Кеден одағының техникалық регламенттерінің талаптарына және тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне қатысты Кеден одағының техникалық регла-

менттерінің тиісті талаптарына сәйкес келуі тиіс. Кеден одағына мүше мемлекеттердің нарығында тауар айналымының бірыңғай белгісімен қапталмаған тамақ өнімдерінің таңбалануы, егер Кеден одағының тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне қатысты техникалық регламентінде өзгеше белгіленбесе, ілесіп құжаттарға қолданылады. Таңбалауда өнімнің атауы, құрамы, жарамдылық мерзімі, сақтау шарттары, өндіруші туралы ақпарат көрсетілуі міндетті. Таңбалау анық, өшпейтін, мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылуы тиіс.

КО ТР 021/2011 мақсаты – адам денсаулығы мен өмірін қорғау, тұтынушыларды қауіпсіз өніммен қамтамасыз ету.

Ж.ҚАСЕН,
«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысының м.а.
А.БАЗАРҒАЛИ,
бас маманы

КӨКЖӨТЕЛ АУРУЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Көкжөтел – балалар арасында жиі кездесетін жұқпалы аурулардың бірі. Оны Bordetella pertussis бактериясы қоздырады. Аурудың негізгі белгісі – ұзақ уақытқа созылатын ұстамалы тәрізді қатты жөтел. Бұл ауру әсіресе нәрестелер мен жас балалар үшін қауіпті, себебі тыныс алу жетіспеушілігі мен асқынулар тудыруы мүмкін.

Көкжөтелдің даму кезеңдері:

1. Катаральды кезең (1-2 апта): тұмауға ұқсас белгілер – мұрын бітелу, түшкіру, әлсіз жөтел, дене қызуының сәл көтерілуі.

2. Спазмдық кезең (2-6 апта): ұстама тәрізді қатты жөтел пайда болады. Науқас демін тартып, ысқырық тәрізді дыбыс шығарады. Жөтелден кейін құсуы мүмкін.

3. Реконвалесценция кезеңі (2-3 апта): жөтел біртіндеп азаяды, бірақ бірнеше аптаға дейін сақталуы мүмкін.

Көкжөтелдің алдын алудың ең сенімді жолы – вакцинация. Қазақстанда балаларға АҚДС (көкжөтел, дифтерия, сіреспе) егілетін ұлттық күнтізбе бой-



ынша міндетті түрде салынады. Сонымен қатар, ауру адамды сау балалардан оқшаулау, жеке гигиенаны сақтау маңызды.

Көкжөтел – алдын алуға болатын қауіпті ауру. Уақытылы вакцина алу, дұрыс күтім жасау арқылы оның таралуын азайтуға болады. Әсіресе кішкентай балалардың өмірін сақтап қалуда вакцинацияның рөлі зор.

Ж.ҚАСЕН,
«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысының м.а.
А.НҰРАХМЕТ,
жетекші маманы

ВИРУСТЫ ГЕПАТИТ А ЖҰҚПАСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ



Бұл ретте берілу факторлары: лас қолдар, сондай-ақ вирус жұқтырған барлық заттар (азық-түлік, көкөністер, жемістер, жидектер, асқөк) болып табылады.

Жұқтыру шаруашылық-нәжіс ағындарымен ластанған су айдындарында шомылу кезінде болуы мүмкін. Сарғаюсыз, аурудың белгісі аз және субклиникалық нұсқалары бар адамдарда негізгі эпидемиологиялық маңызы бар. Вирус бауырды зақымдайды, вирус бөлшектері асқазан-ішек жолдарының сілекейлі қабығы арқылы сіңіріледі және қан айналымының жалпы жүйесіне түседі.

А гепатитінің алдын алу шаралары:

▲ қолды жуу, ашық су айдындарынан қайнамаған суды ішпеу және онымен жемістер мен көкөністерді жуу, ағынды сулар түсуі мүмкін су айдындарында шомылмау;

▲ адамдар болатын: үйде, жұмыста, қоғамдық тамақтану объектілерінде,

А вирустық гепатиті – вирус көзі науқас адам болып табылатын жімі инфекциялық ауру. Гепатиттің қоздырғышы – вирустардың ішек тобына жататын вирус. Вирус организмге ішек инфекцияларына тән: су, тағамдық және тұрмыстық-қарым-қатынас жолдарымен түседі.

сауда, коммуналдық, өнеркәсіптік ұй-жайларда тазалықты сақтау;

▲ экзотикалық өнімдерді, әсіресе шикі устрицаны, мидия, моллюскаларды тұтынбау.

А вирустық гепатитінің алдын алу үшін арнайы профилактика – вакцинациялау. **Вакцинациялауға:**

1) екі жастағы балалар;

2) А вирустық гепатиті ошақтарында байланыста болған күннен бастап алғашқы екі аптаны қоса алғанда, он төрт жасқа дейінгі байланыста болған адамдар;

3) 14 жасқа дейінгі балалар, В және С созылмалы вирустық гепатиттерімен ауыратын ремиссия кезеңіндегі адамдар жатады.

Ж.ҚАСЕН,
«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысының м.а.
А.РИНАС, жетекші маман

**БАСПАСӨЗ –
2026****РЕДАКЦИЯДАН:****12 айға – 3500 тг.****ПОШТАДАН:****ИНДЕКС 15771****ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (қала)**

12 ай – 8201,72 тг.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (ауыл)

12 ай – 5827,40 тг.

ИНДЕКС 65771**ЖЕКЕ ТҰЛҒА (қала, ауыл)**

12 ай – 5327,40 тг.

**Тел.: 40-11-02,
сот.: 8 705 870 70 76.****Мекенжайымыз:****Ж.Балапанов көшесі,
28-үй,
4-қабат, 4012 бөлме.****ЗАҢ МЕН ТӘРТІП**

Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ТАРИФТІК ЖЕҢІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОМОБИЛЬДЕРДІ ҚАЗАҚСТАНҒА ӘКЕЛУГЕ КВОТА

Кеден одағы комиссиясының 2009 жылғы 27 қарашадағы №130 шешімінің (бұдан әрі – №130 шешім) 7-тармағының 7.1.38 тармақшасына сәйкес СЭҚ ТН 8703 80 000 2 коды бойынша жіктелетін электр қозғалтқышы бар көлік құралдары кеден одағының аумағына әкелу кезінде тарифтік жеңілдікті пайдаланады.

Бір мезгілде көрсетілген шешіммен 2025 жылға Қазақстан Республикасына 15 000 бірлік көлемінде электромобильдер әкелуге квота белгіленді.

2025 жылғы 25 қыркүйектегі жағдай бойынша елге 13 мыңнан астам электромобиль әкелінді, бұл белгіленген квотаның 87% құрайды.

КЕДЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ЖЕДЕЛ ҚОЛДАУ

Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті кедендік әкімшілендіру және сервистік өнімдер мәселелері бойынша консультациялар алу үшін заманауи және ыңғайлы арналардың жұмыс істеуі туралы хабарлайды.

Азаматтар мен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін мынадай жедел байланыс құралдары қолжетімді:

► Бірыңғай байланыс орталығы – 1414;

► МКК және аумақтық мемлекеттік кірістер департаменттерінің (МКД) мамандарынан білікті түсініктемелер алу үшін бірыңғай нөмір;

► Бейне кеңес беру.

Бұл формат визуалды демонстрацияны қажет ететін күрделі техникалық мәселелерді шешуге арналған. Ақпараттық жүйелермен жұмыс жасауда қиындықтар туындаған кезде әсіресе тиімді.

Қызмет мүмкіндік береді:

► Мәселені тез диагностикалау үшін экранды көрсетіңіз;



Осылайша, жеңілдіктің қалған көлемі 2 мың электромобильден аз импортты құрайды, бұл ағымдағы квота шеңберінде кедендік баждарды төлемей-ақ әкелу үшін әлі де қолжетімді. Бұл ақпарат квоталық шектеулердің орындалуын бақылауға және Қазақстан нарығына электромобильдерді одан әрі жеткізуді жоспарлауға мүмкіндік береді.

► Нақты уақыт режимінде қадамдық нұсқаулар алыңыз.

Salyqbot сандық көмекшісі.

Telegram мессенджерінде (@Salyqbot) тәулік бойы қолжетімді интеллектуалды чат-бот. Salyqbot 24/7 режимінде ақпарат алуға мүмкіндік беретін стандартты және жиі қойылатын сұрақтарға жедел жауаптар береді.

Кеңес беру спектрі мыналарды қамтиды:

► Тауарларды кедендік декларациялау тәртібі;

► ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауарларды жіктеу мәселелері;

► Кедендік баждарды, салықтар мен алымдарды есептеу және төлеу тәртібі;

► МКК ақпараттық жүйелеріндегі жұмыс;

► Жеке тұлғалардың жеке пайдалану үшін тауарларды өткізу ережелері.

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды және барлық мүдделі тұлғаларды нақты және ресми ақпарат алу үшін көрсетілген цифрлық сервистерді белсенді пайдалануға шақырамыз.

#КеденҚазақстан #цифрландыру
#1414 #Salyqbot #СЭҚ #МКД

СПОРТ БІРЛІК ПЕН ЖІГЕР

Талдықорған қаласында «Спорт – денсаулық кепілі» атты спорттық жарыс ұйымдастырылды. Іс-шара мүмкіндігі шектеулі жандардың спортқа деген қызығушылығын арттыру және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өтті.

Шара «Бірлік пен жігер» атты шерумен шымылдығын ашты. Ол орталық саябақтан басталып, «Ардагерлер саябағына» дейін жалғасты. Оған қала тұрғындары, түрлі халықаралық жарыстардың жүлдегерлері мен спорт сүйер қауым қатысып, ерекше атмосфера қалыптасты.

Жарыс барысында қатысушылар 10 түрлі спорт түрінен өзара бақ сынады. Ерекше жандардың қайсарлығы мен рухын айқын көрсеткен додаға 400-ге жуық спортшы мен жанкүйер қатысты.

ҚҰРМЕТТІ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қазан айында «Отбасы банк» еліміз бойынша арендалық тұрғын үйлерді бөлу процесін бастады.

Жетісу облысы, Талдықорған қаласында берілетін тұрғын үйлердің толық тізімі жарияланды!

Қазіргі таңда қалада 175 пәтер дайын тұр, оның ішінде:

► 101 пәтер – қаланың дамыған ықшам аудандарында;

► 74 үй – жеке ауласы бар жеке үйлер.

Бұл тізім түпкілікті емес. Жыл соңына дейін тағы бірнеше тұрғын үй пайдалануға беріледі.

Тұрғын үйге өтінім беру және кезек жағдайын тексеру otken.otbasybank.kz сайтында.

Кезегіңіз келген жағдайда сізге SMS-хабарлама жіберіледі.

Толығырақ ақпарат пен жаңалықтарды білу үшін Instagram парақшасына тіркеліңіз: [@otbasybank_taldykorgan.kz](https://www.instagram.com/otbasybank_taldykorgan.kz)



Қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков:

- «Мұндай спорттық бастамалар тек жарыс емес, бұл – ерік-жігер мен өмірге деген құлшыныстың мерекесі. Біз ерекше жандардың белсенділігін әрдайым қолдап, олардың қоғам өміріне толыққанды араласуына жағдай жасауға тырысамыз», – деді.

Жарыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлер салтанатты түрде марапатталып, медальдар мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛІ ГОРОДА ТАЛДЫҚОРҒАН!

В октябре «Отбасы банк» начал процесс распределения арендного жилья по всей стране.

В городе Талдықорған области Жетісу опубликован полный список предоставляемых квартир и домов.

На сегодняшний день готово 175 объектов, из них:

► 101 квартира – в развитых микрорайонах города;

► 74 – это отдельные дома с собственными дворами.

Список не окончательный – до конца года будут сданы еще несколько жилых объектов.

Подать заявку и проверить очередь можно на сайте otken.otbasybank.kz

Когда подойдет ваша очередь, на телефон поступит SMS-уведомление.

Следите за обновлениями на нашей странице:
[@otbasybank_taldykorgan.kz](https://www.instagram.com/otbasybank_taldykorgan.kz)

БЕЗОПАСНОСТЬ КАК ИЗБЕЖАТЬ ОТРАВЛЕНИЯ УГАРНЫМ ГАЗОМ?

Отравление угарным газом является одним из состояний человека, влекущих за собой летальный исход. Как правило, наступает в результате неисправной работы печного отопления, при нахождении человека в очаге пожара, в закрытом автомобиле с включенным двигателем. Угарный газ совершенно не имеет запаха, отравление угарным газом может произойти очень незаметно, а образуется он везде, где происходит процесс горения. При высоком содержании угарного газа во вдыхаемом воздухе человек чувствует головную боль и удушье. При повышении концентрации угарного газа возникает паралич и потеря сознания (смерть наступает через 30 минут).

Чем опасен угарный газ



Основная причина образования угарного газа - недостаток кислорода в зоне горения.

Механизм воздействия угарного газа на человека состоит в том, что он, попадая в кровь, связывает клетки гемоглобина. В результате гемоглобин теряет способность переносить кислород. И чем больше человек дышит угарным газом, тем меньше в его крови остается работоспособного гемоглобина, и тем меньше кислорода получает организм. Человек начинает задыхаться, появляется головная боль, путается сознание.

И если вовремя не выйти на свежий воздух (или не вынести на свежий воздух уже потерявшего сознание человека), то не исключен летальный исход. Симптомы отравления угарным газом: мышечная слабость, головокружение, тошнота, шум в ушах. Кома и смерть могут наступить от паралича дыхательного центра. Сердце может сокращаться еще некоторое время после остановки дыхания. Отмечены случаи гибели людей от последствий отравления спустя даже 2-3 недели после события отравления.

Самые распространенные источники - это газовые и масляные печи, дровяная печь, газовые приборы, нагреватели воды и двигатели, выбрасывающие выхлопные газы. Трещины в печах, забитый дымоход, заблокированные трубы могут привести к тому, что угарный газ достигнет жилых помещений. Недостаточный доступ свежего воздуха к печи может способствовать скоплению в доме угарного газа.

Несчастные случаи в результате отравления угарным газом можно предотвратить: устранить поступление угарного газа; вывести пострадавшего на свежий воздух; если пострадавший в сознании, его необходимо уложить, обеспечить покой и непрерывный доступ свежего воздуха (обмахивать газетой, включить вентилятор или кондиционер); если пострадавший без сознания, необходимо немедленно начать закрытый массаж сердца и искусственное дыхание до приезда скорой помощи или до прихода в сознание.

Помните, что во время выноса пострадавшего из помещения, в котором опасная концентрация угарного газа, прежде всего, нужно обезопасить себя, чтобы не отравиться тоже. Для этого нужно действовать быстро и дышать через носовой платок или марлю.

Е. ТЛЕУБАЕВ,
ст. инженер УЧС г. Талдықорған
ст. лейтенант гражданской защиты

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС

**ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР****НҰРШАНОВА****ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ****Таралу аумағы:** Қазақстан Республикасы**Телефондар:** Жауапты хатшы 40-11-02**E-mail:** taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Талсырыс №1048 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.

● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.

● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.